

## Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 22 шілде N 686. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.05.27. N 657 қаулысымен. ~P990657

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы" 1998 жылғы 21 мамырдағы N 3958 U983958\_ және "Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3988 U983988\_ Жарлықтарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі туралы ереже бекітілсін (1-қосымша).
2. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің құрылымы бекітілсін (2-қосымша).
3. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне 4, оның ішінде бір бірінші вице-министр, 15 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.
4. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің карауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін (3-қосымша).
5. Мыналарға:
  - 1) Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетіне, Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі департаментіне, Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетіне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің, Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі департаментінің, Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің жедел басқаруында болған мүлікке жедел басқару құқығы;
  - 2) Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитетіне Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінен берілетін мүлікке жедел басқару құқығы бекітілсін.
6. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің орталық аппараттары санын 128 адамға қысқарту, жоғарыда айтылғандарға сәйкес заңды тұлғалар құқығындағы комитеттердің, департаменттердің штаттық санының Министрлікке берілу есебінен Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің штат саны 468 адам;

2) қызметтік жеңіл автомобильдер лимиті 25 болып белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда

министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесе отырып бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын шығарған актілерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

8. "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 қарашадағы N 1642

P971642\_

қаулысының 1, 2, 3,

4-тармақтарының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 41, 470-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 22 шілдедегі

N 686 қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және

сауда министрлігі туралы

ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Қазақстан Республикасында тиімді, бәсекеге қабілетті өндіріс құру, ұлттық өндірушілердің дамуына, сондай-ақ олардың мүдделерін қорғауға жәрдемдесу.

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) энергетика, индустрия, сауда саласында мемлекеттік саясатты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Министрліктің аппаратын ұстауға арналған шығыстарды

қаржыландыру республикалық бюджетте орталық атқарушы органдарды ұстау үшін көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

4. Министрлік қызметкерлерінің санын, құрылымы мен еңбекақы төлеу қорын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Министрлік заңды тұлға болып табылады, оның банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

## 2. Қызметінің басымдықтары

6. Министрлік қызметінің басымдықтары мыналар болып табылады:

- 1) отын-энергетика ресурстарын ұтымды пайдалану;
- 2) индустриалды, сауда және тұрғын үй саясатын әзірлеу және оны жүзеге асыру;
- 3) инвестициялық процестерді жандандыру;
- 4) экспортқа бағдарланған технологиялық жағынан байланысты өнеркәсіптік кешендер құру;
- 5) диверсификацияланған өндіріс құру.

## 3. Министрліктің міндеттері

7. Министрліктің міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқа мерзімді, орта мерзімді кезеңдеріне арналған жоспарлары мен болжамдарын әзірлеу;
- 2) әлеуметтік-экономикалық реформаларды іске асыруды жүзеге асыру және үйлестіру;
- 3) мемлекеттік сыртқы экономикалық және сауда саясатын әзірлеу және оны іске асыру;
- 4) Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп ұйымдарға қарымды инвесторларды іздеуді және тартуды жүзеге асыруға жәрдемдесу және инвестициялық жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету;
- 5) өз құзыретінің шектерінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің мониторингі;
- 6) ресурстық және технологиялық базаны қайта құру негізінде отын-энергетика кешенін, өнеркәсіп пен құрылыс салаларын дамыту, осы салалардағы ұйымдарды реформалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, шаруашылық жүргізуші субъектілерді қайта құрылымдау жөнінде ұсыныстар дайындау;
- 7) тарифтік және тарифтік емес реттеу әдістерін қолдана отырып, сыртқы-экономикалық қызметті реттеу;
- 8) мемлекеттік мұқтаждықтар үшін конкурстар ұйымдастыру және оларды өткізу, сондай-ақ конкурстық құжаттаманы әзірлеу;
- 9) стандарттау, метрология және сертификаттау саласында мемлекеттік саясатты жүргізу;
- 10) Қазақстан Республикасының бірыңғай патент жүйесін басқару;
- 11) этил спирті мен алкогольді өнім өндірісі мен айналымына бақылау жасау саласында мемлекеттік саясатты жүргізу;
- 12) авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау саласында мемлекеттік саясат жүргізу;
- 13) мемлекеттік материалдық резервтерді басқару;
- 14) мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп экспорттық бақылау саласында мемлекеттік саясатты жүргізуге қатысу;
- 15) шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмыс істеу мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер әзірлеу.

#### 4. Министрліктің функциялары

## 8. Министрлік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

1) Министрліктің құрылымына кіретін мемлекеттік органдардың ағымдағы, қысқа және орта мерзімді жоспарларды әзірлеуін үйлестіреді және олардың іске асырылуын бақылайды;

2) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

3) Қазақстан Республикасы экономикасының жай-күйін, оның дамуын және дүниежүзілік экономиканың даму тенденцияларын талдайды және болжайды;

4) инфрақұрылымды дамытудың және өнеркәсіптік өндірісті диверсификациялаудың негізгі бағыттарын әзірлеуді үйлестіреді;

5) елдің отын-энергетикалық және индустриалды кешендерін, құрылысты дамытудың стратегиялық жоспарларын әзірлейді;

6) елдің энергетикалық қауіпсіздігі стратегиясын әзірлейді және оны іске асырады;

7) көмірсутегі шикізатының қорларын ұтымды және тиімді пайдалануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға қатысады;

8) кен орындарын игеру жөніндегі орталық комиссияның жұмысын ұйымдастырады;

9) мемлекеттік тұрғын үй саясатын іске асырудың тетігін жетілдіру жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

10) аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдайды және оларды дамыту бағдарламаларын әзірлеуге қатысады;

11) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға техникалық-экономикалық сараптама жүргізеді;

12) халықаралық, мемлекетаралық және мемлекеттік стандарттарды, өлшемдердің сертификаты мен бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді және бақылауды жүзеге асырады;

13) өнертабысқа, өнеркәсіптік үлгілерге - патенттерді беруге арналған өтінімдерді және тауар таңбаларына, қызмет көрсету таңбаларына арналған және тауардың шыққан жерінің атауын пайдалану құқығына арналған куәліктерді тіркейді, қазақстандық және шетелдік өтінімдерге мемлекеттік сараптама жүргізуді ұйымдастырады және қорғану құжаттарын береді;

14) халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдарының қызметіне Қазақстанның қатысуына байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының саясатын қалыптастыруға қатысады және оны іске асырады, шет елдермен экономикалық қарым-қатынастар жөнінде ұсыныстар дайындауға

қатысады;

15) мемлекеттік және жұмылдыру резервтерін қалыптастыру, сақтау және пайдалану тұрғысында салааралық үйлестіруді және ведомстволық бақылауды жүзеге асырады;

16) Қаржы министрлігімен бірлесе отырып мемлекеттік меншік объектілерін сенімгерлік басқаруға, концессияға, жалға, лизингке беруге арналған келісім-шарттар бойынша шарттардың орындалуына бақылау жасауға қатысады;

17) Қаржы Министрлігімен бірлесе отырып шаруашылық серіктестіктердегі мемлекеттік үлестерге дивидендтердің дұрыс есептелуін бақылау жасайды;

18) энергетиканы, индустрия мен құрылыс салаларын дамыту бағдарламаларының іске асырылуына бақылауды және Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіп саясатын жалпы үйлестіруді жүзеге асырады;

19) отын-энергетика балансын әзірлейді және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді;

20) басқарылатын салалардағы ұйымдардың қызметін талдауды жүзеге асырады, сыртқы және ішкі тауар рыноктарындағы конъюктураны зерттейді;

21) этил спирті мен алкогольді өнім өндіретін ұйымдар өнімнің сапасына бақылауды жүзеге асырады;

22) энергия үнемдеу, энергияның қайта жаңартылатын және дәстүрлі емес көздерін пайдалану саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруды ұйымдастырады;

23) өз құзыретіне жатқызылған қызмет түрлерін лицензиялауды және оларға бақылауды жүзеге асырады;

24) толлингтік операцияларды жүргізудің орындылығына экономикалық және технологиялық сараптама жасайды;

25) қымбат металдар бойынша жиынтық орындау балансын дайындайды, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың орындау баланстарын бекітеді;

26) жылу-энергетика ресурстарын үнемдеу, құрылыс материалдары өнеркәсібінде жаңа технологияларды енгізу және құрылыстың өндірістік базасын құрылымдық қайта құруды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

27) құрылыс сапасына мемлекеттік бақылауды, сәулет-қала құрылысын салу қызметі саласындағы мемлекеттік нормалардың, ережелер мен стандарттардың, басқа да міндетті талаптардың сақталуын ұйымдастырады;

28) ведомстволық сараптама жүргізуді, құрылыс пен қайта жаңарту жобаларын, құрылыстың техникалық-экономикалық негіздемелерін, құрылыс материалдары, бұйымдар мен конструкцияларға арналған техникалық шарттарды келісуді және бекітуді ұйымдастырады;

29) сәулет және қала құрылысының жергілікті органдарымен бірлесе отырып, қалаларды және басқа да елді мекендерді жоспарлау мен салудың нормалары мен

ережелерінің сақталуына бақылау жасауды, реттеудің ерекше режимді аумақтарын пайдалануды, тарихи қала құрылысын салу мұраларын сақтауды жүзеге асырады;

30) мемлекеттік сатып алуларды үйлестіреді және бақылайды;

31) өз қызметінің аясында заңдарды қолдану тәжірибесін талдайды және қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, заң және басқа да нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға қатысады, оларды Үкіметтің қарауына енгізеді;

32) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының және басқа да елдердің ұйымдарымен келіссөздер жүргізеді және келісімдер жасасады;

33) энергетика, индустрия және сауда саласындағы мемлекеттік (қазыналық) кәсіпорындарды басқару жөніндегі уәкілетті орган болып табылады;

34) Министрліктің қызметіне байланысты жұмыстарды жүргізуге қатысу үшін тәуелсіз сарапшыларды, аудиторларды және консультанттарды тартады;

35) Үкіметтің тапсыруы бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қояды;

36) қару-жарактың, әскери техникалардың, екіұдай мақсаттағы өнімдердің және өнімдердің (қызмет көрсетулердің) Үкіметтің шешімдерімен көзделген басқа да түрлерінің экспортына бақылау жасауды жүзеге асырады;

37) Қазақстан Республикасының заңдарымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 5. Министрліктің құқықтары

9. Министрлік өзіне жүктелген тапсырмаларды жүзеге асыру және міндеттемелерін орындау кезінде мыналарға:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан заңдарда белгіленген тәртіппен Министрлік қызметінің аясына қатысты ақпараттарды сұратуға және алуға;

2) мемлекеттік органдардың дамудың ағымдағы, орта және қысқа мерзімді жоспарларын орындауына бақылауды жүзеге асыруға;

3) мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға аталған жоспарларды жүзеге асыруға кедергі болатын олар қабылдаған актілердің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

4) өз құзыретінің шектерінде Министрліктің құрылымдық бөлімшелеріне атқарылуға міндетті нұсқаулар беруге және нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

5) өз құзыретінің шектерінде халықаралық шарттар жасасуға, шет елдердің тиісті ведомстволарымен, халықаралық ұйымдарымен, және шетел заңды

тұлғаларымен келіссөздер жүргізуге және келісімдерге қол қоюға;

6) басқа мемлекеттік органдардың мамандарын, сондай-ақ шетелдік және жергілікті сарапшылар мен мамандарды жұмысқа тартуға;

7) мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен жасасатын экономикалық шарттары мен келісімдері бойынша ұсыныстар енгізуге;

8) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп банкроттықтың алдын алу, сондай-ақ мемлекеттік қатысуы бар шаруашылық серіктестіктерді қайта ұйымдастыру және қайта құрылымдау жөніндегі шараларды әзірлеуге және оларды іске асыру жөніндегі шараларға қатысуға;

9) қорғаныс өнеркәсібін конверсиялаудың мемлекеттік

бағдарламасын іске асыруға қатысуға;

10) бәсекеге қабілеттілікті бағалауға және отандық тауар өндірушілердің өнімдерін ішкі және сыртқы рыноктарға шығару жөнінде мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етуге, импортты алмастыруды дамыту бағдарламаларын әзірлеуге, тауарлық дайындығы жоғары өнімдерді шығару жөніндегі жаңа өндірістерді құруға көмек көрсетуге;

11) Үкімет шешімін талап ететін ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы.

## 6. Министрліктің және оның лауазымды адамдарының жауапкершілігі

10. Министрлік өз комиссиясының, Министрлікке жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы және сапалы орындалуы үшін жауап береді.

11. Министр Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жеке жауап береді.

12. Министрліктің құрылымына кіретін департаменттердің, комитеттердің, агенттіктің, ұйымдардың оларға жүктелген міндеттердің орындалуы және өз функцияларын жүзеге асыруы үшін олардың басшылары жеке жауап береді.

13. Министрліктің қызметкерлері тәртіптік жағымсыз әрекет жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдар белгілеген тәртіпте жауап береді.



## 7. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

14. Министрлікті Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министр басқарады.

15. Министрдің төрт орынбасары - вице-министрі, оның ішінде бір бірінші вице-министрі болады, оларды Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

16. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, оның жүйесіне кіретін департаменттердің, комитеттердің, агенттіктің, ұйымдардың қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

17. Министр:

1) вице-министрлердің арасындағы міндеттерді бөледі, департаменттер директорларының, комитеттер, агенттік төрағаларының және Министрліктің басқа да жауапты қызметкерлерінің өкілеттіктері мен міндеттерін белгілейді;

2) Министрліктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Министрлікті барлық мемлекеттік органдарда және ұйымдарда білдіреді;

4) заңды тұлға мәртебесіндегі құрылымдық бөлімшелерді қоспағанда, министрліктің қызметін қамтамасыз ететін бөлімшелердің құрылымы мен олар туралы ережелерді бекітеді;

5) белгіленген сан шектерінде Министрлік орталық аппаратының штат кестесін, заңды тұлға құқығындағы комитеттердің, агенттіктердің, департаменттердің штат санын бекітеді;

6) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

18. Министрлікте құрамында Министр, оның орынбасарлары ( вице-министрлер), комитеттердің, агенттіктің, департаменттердің жекелеген басшылары бар алқа құрылады. Алқаның құрамына өзге де адамдар ене алады.

19. Алқаның сандық құрамын Үкімет бекітеді. Алқа шешімдері Министрдің бұйрықтарымен іске асырылады. Алқа мүшелері арасында дауыстар тең болған жағдайда шешімді Алқа төрағасы қабылдайды.

20. Алқаның жеке құрамын Министр бекітеді.

21. Министрлік өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін тұрақты

жұмыс істейтін әдістемелік (методологиялық) кеңестер мен уақытша жұмыс топтарын құра алады, оның құрамына министрліктер мен ведомстволардың, басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ жеке ғалымдар мен мамандар енгізіледі.

22. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдар үшін міндетті шешімдер қабылдайды. Министрлік қабылдайтын шешімдер Министрдің бұйрығымен, ресімделеді.

23. Комитеттің басшысы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және басшылықты жүзеге асырады, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларының жүзеге асырылуына жеке жауап береді.

24. Комитет басшысы осы мақсаттарда:

1) өз орынбасарларының және құрылымдық бөлімшелер басшыларының міндеттері мен жауаптылық дәрежелерін белгілейді;

2) Министр бекітетін лауазымдар номенклатурасына сәйкес Комитет

қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) тәртіптік жаза қолданады;

4) өз құзыретінің шектерінде бұйрықтар шығарады;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен оның аумақтық органдары туралы ережелерді бекітеді;

6) өз құзыретінің шектерінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Комитетті мемлекеттік органдарда және ұйымдарда білдіреді;

7) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

25. Комитеттерді, агенттікті ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Министрлікті ұстауға көзделген қаржының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың алатын басқа да қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 22 шілдедегі  
N 686 қаулысына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және  
сауда министрлігінің құрылымы

- Басшылық
- Электр энергетикасы және қатты отын департаменті
- Мұнай және газ департаменті
- Өнеркәсіп департаменті
- Экономикалық талдау және инвестициялық саясат департаменті
- Сыртқы экономикалық саясат департаменті
- Сауда департаменті
- Жұмысты ұйымдастыру жөніндегі департамент
- Қаржы және бухгалтерлік есеп басқармасы
- Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында)
- Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында)
- Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында)
- Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында)
- Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында)
- Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі департамент (заңды тұлға құқығында)
- Авторлық құқықтар жөніндегі агенттік (заңды тұлға құқығында)
- Экспорттық бақылау және лицензиялау департаменті (заңды тұлға құқығында)
- Ресей Федерациясының Мәскеу қаласындағы Өкілдігі

<\*>

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.11.11. N 1150 қаулысымен.

P981150\_

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 1998 жылғы 22 шілдедегі  
 N 686 қаулысына  
 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және  
сауда министрлігінің қарауындағы мекемелердің,  
ұйымдар мен кәсіпорындардың  
ТІЗБЕСІ

- Облыстық экономика басқармалары, Астана, Алматы қалаларының  
экономика басқармалары

- Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда

министрлігі комитеттерінің, департаменттерінің, агенттігінің  
аумақтық органдары және комитеттердің, департаменттердің,  
агенттіктің ведомстволық бағынысындағы ұйымдар

- "Экономикалық зерттеулер институты" республикалық мемлекеттік  
кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында)

<\*>

- Республикалық "Мемэнергияқадағалау"

- Мұнай және газ өнеркәсібінің оқу орталығы (Алматы қаласы)

- Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік басқармасы

- "Өндірістік-пайдалану басқармасы" мемлекеттік кәсіпорны

(Астана қаласы)

ЕСКЕРТУ. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.04.27. N 488

қаулысымен.

P990488\_